

**Атырау облысының аумағында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы**

Атырау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 216-VIII шешімі  
Қазақстан Республикасының Су кодексінің 26-бабының 2-тармағына сәйкес,  
Атырау облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облысының аумағында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері төмендегідей бекітілсін:

1) ауыз суды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін:

- 2026 жылғы 1 сәуірге дейін - 50 теңге;
- 2026 жылғы 1 сәуірден кейін – 110 теңге;

2) ауыз суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін:

- 2026 жылғы 1 сәуірге дейін - 60 теңге;
- 2026 жылғы 1 сәуірден кейін – 130 теңге.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*М. Хайруллин*